«Роботтар және робототехникалық жүйелер», «Робототехникалық, интеллектуалды жүйелер және аспап жасау» және «Робототехникалық және интеллектуалды жүйелер» білім беру бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасындағы II Республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңі

2025 жылғы 24-25 сәуір

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ Сізді «Роботтар және робототехникалық жүйелер», «Робототехникалық, интеллектуалды жүйелер және аспап жасау», «Робототехникалық және интеллектуалды жүйелер» білім беру бағдарламалары және басқа да байланысты ББ бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында II Республикалық пәндік олимпиаданың (бұдан әрі РПО) II кезеңіне қатысуға шақырады.

РПО негізгі мақсаттары мен міндеттері: студенттердің оқу-танымдық және оқу-зерттеу қызметін ынталандыру, студенттердің кәсіби-тұлғалық әлеуетін, олардың өзін-өзі тануын, шығармашылық қабілеттерін ашу, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі растау үшін жағдай жасау, студенттердің азаматтық ұстанымын тәрбиелеу, неғұрлым талантты және дарынды студенттерді іріктеу және қолдау, білім беру жүйесін жетілдіруге белсенді кәсіби қатынасты қалыптастыру.

Олимпиада 2025 жылғы 24-25 сәуірде Петропавл қ., Пушкин к-сі, 86 мекен-жайында өтеді (М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, оқу-зертханалық корпус, 505 аудитория).

II Республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңіне Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері ғана қатыса алады.

ҚР ҒжЖБМ ұсынымдарына сәйкес конкурстық іріктеудің I кезеңін өткізу негізінде ЖЖОКБҰ 1 команда құрады, ол өз құрамына 3 студенттен аспауы тиіс. Команданы міндетті түрде жетекші ертіп жүруі керек.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында «Роботтар және робототехникалық жүйелер» білім беру бағдарламасы бойынша Республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңі екі тур өткізіледі: I тур – теориялық тапсырмалар (жеке), II тур – практикалық кейс (командалық).

I тур «Теориялық» «C++ бағдарламалау», «Arduino», «Робототехника негіздері» және «Роботтардың механикасы» пәндер бойынша тестілеу және есептерді шешу түрінде өткізіледі.

II тур сызық бойынша жүруге қабілетті роботты іске асыру бойынша практикалық кейс түрінде өткізіледі.

РПО жұмыс тілдері – қазақ, орыс.

II Республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңіне қатысуға өтінімдер (сканерленген нұсқа) 2025 жылғы 20 сәуірге дейінгі мерзімде тақырыпта «ЖЖОКБҰ атауы_РПО_өтінім» хатын көрсете отырып, ssmoldahmetov@ku.edu.kz электрондық поштаға жіберілуге тиіс

1) ілеспе хат;
2) өтінім қосымшаға сәйкес;
3) II Республикалық пәндік олимпиаданың бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша конкурстық комиссия отырысының хаттамасынан үзінді;
4) олимпиадаға қатысушылардың жеке куәлігі/паспорты (көшірмесі).

Өтінімнің түпнұсқасы келген кезде берілуі керек.

Олимпиадаға қатысуға байланысты барлық шығындар (келу, кету, тамақтану, тұру) жіберуші тараптың есебінен жүзеге асырылады. Топ мүшелерінің жеке куәлігі мен студенттік билеті болуы керек.

Ұйымдастыру комитеті:

«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ, №4 оқу ғимараты 403 ауд. (Петропавл қ., Пушкин к., 81,

тел.:+7 (7152) 462796, 2222 ішкі,

РПО өткізуге жауапты: Молдахметов Саят Сайранович,

ұялы тел.: 8(771) 361-68-22 (WA),

E-mail: ssmoldahmetov@ku.edu.kz